Төрайым: жақсы рахмет, сұрақтар бар ма? Жоқ болса, сөз кезегін ресми рецензент медицина ғылымдарының докторы, Астана медициналық университетінің отбасылық және дәлелді медицина кафедрасының профессоры Джаксылыкова Куляш Каликановнаға беріледі (ресми рецензия тіркеледі).

Медицина ғылымдарының докторы, Астана медициналық университетінің отбасылық және дәлелді медицина кафедрасының профессоры Джаксылыкова Куляш Каликановна рецензияны оқыды (рецензия тіркелді).

А.А.Тутаеваның жұмысы философия ғылымының докторы атағына диссертация түрінде жасалған аяқталған ғылыми еңбек қолжасбасы. Ғылыми-зерттеу жұмысын оң бағалай отырып, бірнеше ескертулер мен ұсыныстар бар:

1. Нормативтік сілтемелерді Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға денсаулық сақтауды дамыту Мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасымен толықтыру қажет

2. Кіріспеде және қорытындыда (6 және 61 беттер) ДДСҰ стандарттары толық берілмеген. Тірі туу критерилеріне тек жүрек соғысы ғана емес, сонымен қатар тыныс алу, кіндік тамырының соғысы, бұлшықеттің еріксіз жиырылуы да жатады.

3. Зерттеу дизайнын кесте түрінде көрсетуді ұсынамын.

4. Тәжірибелік ұсыныстарды мүмкіндігінше тексерілетін балаларда маңызды клиникалық белгілерді анықтау және бағалау алгоритмі түрінде жасаса, бұл жұмысты әрлендірері сөзсіз.

5. Ғылыми жұмысты көрнектеу үшін науқастардың (1-5 сурет) фотоларын қолдануды бірнеше клиникалық мысалдармен толықтырса зерттеудің құндылығын нақтылаушы еді.

6. Өзіндік зерттеулердің әрбір бөлімінің соңына қысқаша қорытынды түйіндеме жасауды ұсынамын.

7. Зерттеудің кейбір нәтижелерін диаграмма түрінде көрсетсе көрнектірек және ақпаратты болар еді (кесте 11,14).

8. Диссертациялық жұмыста стилдік қайшылықтар, аздаған баспалық қателіктер (17,19,25 беттер) бар.

Көрсетілген ескертулер аса қатаң емес, жүргізілген зерттеудің ғылыми-тәжірибелік құндылығын жоймайды. Бірақ та, докторантқа пікірталас ретінде бірнеше сұрақ қоюға мүмкіндік бар деп санаймын:

1. Барлық тексерген шала туған балалардың 44,2%-ында, олардың ауру соңына күмәнсіз әсер көрсеткен ашық артериалды өзек түріндегі тума даму ақауын

анықтағансыздар. Оларға қандай ем көрсетілді?

2. Гемодинамикалық өзгерістерді 30,8%-ында анықтағансыздар, қандай нақты өзгерістермен олар көрінді?

3. Шала туған балаларда сарғаюдың ұзақ болуы олардың ОНЖ әсер етіп, неврологиялық із қалдыратыны белгілі. Сіз зерттеген балаларыңыздан билирубин деңгейін анықтадыңыздар. Қанша балада сарғаю анықталды?

4. Шала туған балаларда сепсис диагнозын қою үшін нақты қандай критериге жүгіндіңіз?

Төрайым: Айгерим Айтбаевна, ресми рецензенттің сұрақтарына жауап беру үшін сөз кезегі сізге беріледі.

Ізденуші: Құрметті Куляш Каликановна, ғылыми жұмысымызды рецензиялауға жұмсаған еңбегіңізгеүлкен рахмет. Сұрақтарға жауап беруге рұқсат етіңіз.

1. Ашық артериалды өзек түріндегі тума даму ақауын кезіндегі Оларға емге байланысты төмендегіні айтар едім.

Артериалды өзек – бұл антенатальды өмірде фетальды қан айналысты қамтамасыз ететін өзек. Мерзімінде босанған нәрестелерде артериалды өзектің функционалды жабылуы дүниеге келгеннен кейін алғашқы 10-15 сағатта, ал анатомиялық жабылуы 2-3 аптада өтеді.

Ашық артериалды өзегі бар шала туылған балаларда ентигу, тахикардия, тахипное, гипотрофия, салмақтың аз ғана қосуы болады. ААӨ клиникасы ашық артериалды өзек көлеміне, бала жасына және өкпелік тамырлы кедергіге байланысты болады.

Ашық артериалды өзегі бар шала туылған нәрестені қарау кезінде күшті жүрек соғуы, сол жақ төстің жоғары қырындағы діріл және кернеген, жиі тамырдың соғуы анықталады.

Ұлттық кардиохирургия орталығы дайындаған, ҚР денсаулық сақтау саласының эксперттік кеңесінің бекіткен протоколына сай, ашық артериалды өзегі бар нәрестелерге алғаш индометацин 0,2 мг/кг мөлшерінде күніне 3 рет венаға 20 минуттан салады және окклюдер арқылы артериалды өзекті жабу өткізеді.

Ашық артериалды өзегінің окклюзиясына 80% жағдайда қол жеткіземіз. Қарсы көрсетпелерге геморрагиялық синдромның болуы, сепсис, бүйрек жетіспеушілігі жатады. Егер нәтиже болмаса 3-6 айлығында хирургиялық операция жасалады. Үлкен және орташа ашық артериалды өзектер жабылады.

Шала туылған нәрестелерде операция тек жүрек жетіспеушілігі анықталған кезде ғана өткізіледі. Эндovasкулярлы окклюзия болмаса лигирование 6 айлық мерзімге дейін ғана өткізіледі. Біздің мәліметіміз осы протоколға сай жүргізілді, ал емдеу нәтижелерінің қаншалықты тиімді болғандығын зерттеу міндеттеріне кірмегендіктен айта алмаймын.

2. Гемодинамикалық өзгерістерді туа пайда болған шала туылған нәрестелерде бірқатар өзгерістермен көрінді. Олар әлсіз толған, өте өзгергіш кейде жиілігі 160-180 рет/минутына жеткен тамыр соғуы. Тахикардияның бұл кездегі себебі болып гиповолемия, төмен гематокрит, метоболикалық ацидоз, инфекция саналады. Ал өте шала туылған нәрестелерде тамыр соғуы эмбриокардия типті, жүрек тондары тұнған болады. Эмбрионалды жүрек өзгерістерінде жүрек шулары естіледі. Зерттеуімізде артериалды қысым шала туылған балаларда төмен болды. Орташа қан қысымы 55-60 мм. сынап бағанасындай.

Сонымен қатар гемодинамикалық өзгерістер миокардтың метоболизмінің транзиторлы бұзылуымен көрінді. Бұл жүрекшенің және оң қарыншаның шектен тыс күшеюімен және Гисс будағының оң аяқшасының блокадасымен білінді.

3. Шала туған балаларда сарғаюдың ұзақ болуы олардың ОНЖ әсері мен билирубин деңгейіне байланысты айтарым: Әдебиеттердегі мәліметтерге сүйенетін болсақ, сарғаю шала туылғандардың 80% жуығында кездеседі. Ал біздің зертеуімізде барлық нәрестелерде болды және айқын болып, ұзақтау мерзімге созылды.

Сарғаю бұл нәрестелердегі ферментативті жүйенің дамымау салдарынан организмнің көп мөлшерде билирубинді игере алмауынан болады. Нәрестелердегі сарағаю біздің зертеуімізде көбіне туылғаннан соң 1-2 тәуліктен кейін пайда болып, 6-9 күндері жақсы көрінді, содан кейін 3-4 аптаға дейін бірте – бірте жойыла бастады.

Бізге мәлімшала туылғандарда билирубин көрсеткіші литрде 257 микромольден аспауы қажет. Ал қандағы мөлшері одан асып кетсе, болмаса ұзақ сақталса онда миға токсикалық әсер ететіндігі белгілі. Ядерлі сарғаюға өтіп кету қауіптілігі жоғары болуынан неврологиялық бұзылыстарға әкелуі мүмкін.

Шала туылған нәрестелердің гипербилирубинемияны айқындалу дәрежесі туылған кездегі дене салмағына байланысты емес, бірақ ұрықтың қаншалықты жетілгендік дәрежесіне және жүктілік барысында анасында бар ауруларға тікелей тәуелді болатындығы мәлім. Ал билирубин деңгейінің жоғары болуы мен гестациялық жастың аз болуы сарғаюдың ұзаққа созылуына әкелді.

Бізге мәлім, билирубиннің көп бөлігі қанда болады және ол миға оңай өтеді. Шала туылған нәрестелерде гематоэнцефальды барьер билирубинді жеңіл өткізеді, оның басты себептері ол шала туылған нәрестелер құрылымының жетілмеуі мен миға гипоксия, ацидоз, инфекция сияқты нәрестелердің жағдайын қиындататын әсерлерден. Сарғайған туа пайда болған ақаулары бар шала туылған нәрестелерде бірінші кезекте күрт әлсіздік, гипотония, гиподинамия сияқты билирубинді интоксикация белгілері орын алды. Нәрестелердің физиологиялық рефлекстері жойыла бастады. Кейде апноэ және асфиксия белгілерімен білінді. Соңынан айқын ми ішілік гипертензия және ми затының зақымдалуына байланысты болған жергілікті белгілермен көрінді.

Туа пайда болған ақаулары бар шала туылған нәрестелерде нерв жүйесінің билирубинді зақымдануының белгілеріне «батқан күн» белгісі, басты артқа қарай күрт тартуы, жалпы тоникалық тырысулар, қолдың тоникалық тартылуымен бірге болған қол басының пронациясы, амимикалық бет-әлпет, бірқалыпты қысылған айқайлап жылау, апноэ тырысуларымен бағаналық бұзылыстармен көрінді.

4. Шала туған балаларда сепсис диагнозын қою үшін нақты қандай критериге жүгіндіңіз бойынша айтарым:

Сепсис бұл инфекцияға байланысты жүйелі қабыну жауабымен жүретін патологиялық процесс. Оның жиі кездесуі бірқатар әсерлерге байланысты. Олар тиімсіз антибактериалды ем, инвазивті диагностикалық және емдеу тәсілдерді кеңінен қолдану, ауыр премоурбидті жағдайлардағы балалар санының өсуі және жоғары қауіптілік тобына жататын ауыр науқастарға өткізілетін инвазивті технологиялар мониторингі және емдеуінен. Бұл топқа шала туылған нәрестелер мен ауыр туа болатын даму ақаулары бар балалар жатады.

Жүйелі қабыну жауабы диагнозы 2 және одан да көп клиникалық белгілер негізінде қойылады. Олар:

- Дене қызуының $>38^{\circ}\text{C}$, болмаса $< 36^{\circ}\text{C}$.
- Жүрек соғуы жасына сай қалыптан $> 130-150\%$
- Тыныс алуы жасына сай қалыптан $> 130-150\%$ болмаса $\text{Pa CO}_2 < 32$ мм.сынап бағ.
- Лейкоциттер $>12 \cdot 10^9/\text{л}$, болмаса $< 4 \cdot 10^9/\text{л}$, болмаса жетілмеген түрлерінің $> 10\%$

Сонымен қатар сепсис кезінде бактеремия маңызды, бірақ міндетті түрде болу қажет емес. Бактеремия болмасада диагнозы басқа критерилері болса сепсис деп айтуға жеткілікті болады.

Қолданылатын жүйелі қабыну жауабының диагностикалық критерийін Fischer-Fanconi 1996 ұсынды. Шала туылған нәрестелерде ол кесте бойынша 0-1 ай – Тыныс алу жиілігі > 60 , Жүрек соғуы > 180 , Дене қызуы $>38^{\circ}\text{C}$, болмаса $< 35,5^{\circ}\text{C}$, Лейкоциттер $< 4 \cdot 10^9/\text{л}$ болмаса $>20 \cdot 10^9/\text{л}$, $> 0,25$ таяқша ядролы.

Тұрақты гипертермия, тоңу, лейкоцитоз, полиорганды дисфункция синдромының болуы қанды микробиологиялық зерттеуге жіберуге көрсеткіш болып саналады.

Сепсисің нақтыланған диагнозы келесі білгілерге сүйеніп қойылады:

- Инфекцияның клиникалық көрінуі (инфекцияның ену қақпасы, ірінді ошақтың болуы) болмаса қоздырғыштың анықталуы.
- Жүйелі қабыну жауабының болуы (оны жоғарыда айтып өттім)
- Жүйелі қабынудың лабораторлы маркерлері (прокальцитонин, С-реактивті белок, интерлейкиндер).

Төрайым: Куляш Каликановна, ізденушінің жауабына қанағаттандыңыз ба?

Медицина ғылымдарының докторы, Астана медициналық университетінің отбасылық және дәлелді медицина кафедрасының профессоры Джаксылыкова Куляш Каликановна: ия, рахмет.

Төрайым: көп рахмет, Куляш Каликановна.сөз кезегі келесі ресми рецензент, медицина ғылымдарының докторы, доцент Божбанбаева Нишанкуль Сейтбековна, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, амбулаторлы поликлиникалық педиатрия кафедрасының менгерушісіне беріледі. Тек ұсыныстар мен сұрақтарға тоқталып өтсеңіз.

Медицина ғылымдарының докторы, доцент Божбанбаева Нишанкуль Сейтбековна рецензиямен таныстырды (рецензия тіркелді).

Диссертациялық жұмыс диссертацияларға қойылатын талаптарға сай жазылған. Бірақ сонымен қатар кемшіліктер және ұсыныстар бар:

1. Әдебиеттік шолуда автор 30%- да ескі мәліметтерге сүйенген (1963-1998ж.ж.). Соңғы 10 жылдағы жаңа зерттеулермен толықтыруды ұсынамын.

2. Патенттегі формула бойынша бұл шартсыз рефлекс бірінші айлық балалардың неврологиялық денсаулығының көрсеткіші болып табылады, яғни бұл рефлексің шала туылған балаларға қолданылуы туралы айтылмаған. Сондықтан сіздің ұсынып отырған рефлексіңізге тәжірибе жүзінде шала туылған балалардан жауап алу күмән келтіреді.

3. 3 - кесте шала туылған балалардың салмағы МКБ-10 бойынша дұрыс жіктелмеген.

4. Зерттеу материалдары мен әдістер бөлімінде нақты статистикалық әдістермен толықтыруды ұсынамын.

5. Диссертацияда көрсетілген неврологиялық және соматикалық асқынулар лабораторды және инструментальды мәліметтермен толықтырғанда бұл жұмыстың құндылығы жоғарылайтыны сөзсіз.

6. Диссертацияда көптеген стилистикалық қателер көп, кейбір қазақшаға аударған терминдер дұрыс емес.

Сұрақтар:

1. Ұсынған шартсыз рефлекс шала туылған нәрестелерде тәжірибе жүзінде қолданысқа қалай ие болды? Тұжырымда Сіз шала туылған балаларды спинальді шокты анықтау үшін қолданылады дегенсіз, ал патенттің формуласында ересектер үшін қолданылады деп көрсетілген. Оны қалай түсіндіре аласыз?

2.18 балада үдемелі гидроцефалия анықталды дегенсіз. Қандай әдістермен дәлелденген, және динамикада қандай зерттеулермен нақтыланған?

3.43 бетте орталық жүйке жүйесі туа пайда болған даму ақаулары бар балалардың аналарында уреаплазма, герпестік және цитомегаловирустық инфекциялардың қоздырғыштары анықталды дегенсіз. Қандай әдіспен инфекциялар анықталған және осы аналардың балалары сол инфекцияларға зерттелді ма?

4. Орталық нерв жүйесінің терең тежелуін қандай әдістермен нақтыладыңыз?

Төрайым: Айгерим Айтбаевна, ресми рецензенттің сұрақтарына жауап беру үшін сөз кезегі сізге беріледі.

Ізденуші: Құрметті Нишангуль Сейтбековна, ғылыми жұмысымызды рецензиялауға жұмсаған еңбегіңізге үлкен рахмет. Ұсыныстар мен сұрақтарға жауап беруге рұқсат етіңіз.

Бірінші ұсыныс бойынша: әдебиеттер тізімінен ескі мәліметтер ауыстырылды, жаңаланды. Соңғы 5-10 жылдардағы зерттеулермен едәуір толықтырылды.

Екінші ұсыныс бойынша: ұсынылған рефлексі барлық нәрестелерге өткізуге болады, соның ішінде шала туылған нәрестелерге де. Біздің тәжірбиеміз туа болатын даму ақауы бар шала туылған балаларда да спинальды шок белгісі ретінде қарауға болатындығын көрсетті. Тек критикалық өте ауыр түрдегі шала туылған нәрестелерде қиындау анықталады.

Үшінші кемшілік бойынша: МКБ- 10 талабына сай реттелді.

Төртінші кемшілік бойынша: зерттеу материалдары мен әдістер бөлімдері нақты статистикалық әдістермен толықтырылды.

Бесінші кемшілік бойынша: неврологиялық және соматикалық асқынулар жөніндегі мәліметтерде қолданылған лабораторлы және инструментальды тәсілдер әрбір клиникалық мысалдарда толығымен айтып өтетіндей етіп толықтырдық.

Алтыншы кемшілік бойынша: барлық қазақша терминдер Қазтерком бекіткен сөздіктер арқылы аударылды. Ал талас туғызған терминдер нақтыланды.

Енді сұрақтарға келетін болсақ: бірінші сұрақ бойынша, ұсынылған шартсыз рефлесті балалармен қатар ересектерге де қолдануға болатындығы анықталды. Ол кортико-спинальды жолда зақымданулар болса, оны қазіргі кездегі зерттеу тәсілдеріңіз ерте анықтайтын тәсіл екендігін көрсеттік.

Екінші сұрақ бойынша: туа болатын гидроцефалия кезінде бас көлемінің үлкеюі мен пішінінің өзгеруі болады. Бастың үлкеюі туған мерзімнен бастап анықталады және жиі қиын босанудың себебі болады. Біздің зерттеуімізде бастың көлемі 34 см-дің орнына 45-50 см жеткен. Нәрестелердегі үдемелі бастағы өзгерістер нәрестенің алғашқы күндерінен, айларынан байқалады.

Өршіген гидроцефалияның клиникалық көрінісі нәресте жасына және ликвор мөлшерінің асусебебінен ми ішілік қысымның көтерілу деңгейіне байланысты болады. Шала туылған нәрестелерде үдемелі гидроцефалия кезінде еңбектің «көтерілуі», сүйек тігістерінің ажырауы, бастағы тері веналарының кернеуі, ми

сауытының көлемінің үлкеюі, краниофациальды диспрапорция, экзофтальм, көз алмасының төмен қарауы (Греф симптомы), анықталады.

Үдемелі гидроцефалияның нақты белгісі болып бас көлемінің өсуі саналады. Жас шамасына сай нормативтен 2 см асса терең тексеруді қажет етеді. Бас айналымының өсу қарқынын ерекше ескеру қажет, себебі ол ми ішілік қысымның көтерілу деңгейі мен декомпенсация дәрежесін айқындайды. Үдемелі гидроцефалияның болжамы барлық балаларда бірдей болмайды, себебі ол мидың біріншілік зақымдалудың тереңдігі мен ауырлығына байланысты болады.

Үдемелі гидроцефалияның диагностикалық критерилері УДЗ, КТ, МРТ дағы келесі белгілермен нақтыланады. Олар: КТ кезіндегі төменгі бүйірлік қарыншаның төменгі мүйіздерінің көлемінің ұлғаюы 2 см артық болуы.

- Конвексительды аймақтарда, ми жарты шарларының аралықтарында, мидың қапталдағы саңылауындағы субарахноидальды кеңістіктердің көрінбеуі.

- III қарынша мен бүйір қарыншаларындағы алдыңғы мүйіздердің баллон тәрізді кеңеюі.

- КТ суреті бойынша ми тіндерінің перивентрикулярлы аймақтарда тығыздығының азаюы.

Үшінші сұрақ бойынша: микст-инфекциялар. Қызамық, қызылша, цитомегаловирус, герпес вирустарының тератогенді әсері жоғары.

Төртінші сұрақ бойынша: орталық нерв жүйесінің терең тежелуі нәрестенің өте ауыр жағдайына байланысты болады. ОНЖ терең тежелуі нәрестенің жалпы әлсіздігімен, қоршағандарға селқос қаруымен, қозғалыс белсенділігінің күрт төмендеуімен, сору және жұтыну рефлекстерінің тежелуімен, бұлшық еттің айқын гипотониясымен көрінеді. ОНЖ терең тежелуі реанимациялық көмекті қажет етеді. ОНЖ терең тежелуі 3-4 дәрежелі шала туылғандарға тән. Ол неврологиялық және соматикалық асқынулардың бар екендігін көрсетеді. Ол субарахноидальды және паренхиматозды қан құйылуларда, мидың билирубин әсерінен зақымдануларда жиі кездеседі.

ОНЖ терең тежелуі летаргия, оглушенность, сопор, кома болып бөлінеді. ОНЖ терең тежелуі диагнозы құрсақ ішілік гипоксия мәліметтерінен, орта және ауыр дәрежелі интранатальды және постнатальды асфиксия болуынан, клиникалық неврологиялық симптомдар бойынша және қосымша зерттеулердің нәтижелері негізінде қойылады. Қосымша зерттеулерге ишемиялық зақымданулар мен мидың ісіні белгілерін көруге болатын нейросонография тәсілі бар. Сонымен қатар доплерографиялық зерттеулер, эхокардиография, гематокритті анықтау, глюкоза, кальций, натрий, калий, белок, магний, креатинин, қандағы билирубинді анықтау, КТ, МРТ тәсілдері және жұлын сұйықтығын зерттеу арқылы ОНЖ терең тежелуі диагнозы нақтыланады.

Төрайым: Нишангуль Сейтбековна, ізденушінің жауабына қанағаттандыңыз ба?

Медицина ғылымдарының докторы, доцент Нишангуль Сейтбековна: ия, қанағаттандым.

Төрайым:сөз кезегі ізденушінің жетекшісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Елікбаев Ғалымжан Мамырбековичке беріледі.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Елікбаев Ғалымжан Мамырбекович:Қайырлы күн! Аса құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы, құрметті президиум, құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! Диссертациялық кеңеске сәттілік, табыс тілеймін!

Тутаева Айгерім Айтбайқызы ХҚТУ аяқтағаннан кейін, осы университетте резидентура, докторантурада оқыды. Қазіргі таңда, университеттің клинико – диагностикалық орталығында ерте оңалту бөлімінің меңгерушісі.

Қай кезде де Айгерім өзінің білімге құштар, іздемпаз, еңбекқор екендігін көрсете білді. Диссертация тақырыбын талдау барысында өте ауыр, аз зерттелген, өте өзекті мәселені таңдады. Гранттық жоба бойынша зерттеуді өздігінен толық жүргізді. Зерттеу нәтижелерін алыс жақын шет елдерде баяндады. Зерттеу нәтижесі бойынша ҚР өнертабыс патентін алды.

Соңғы жылдары Айгерімнің ғылымдағы арман – мақсатына жету жолындағы қайсар мінезінде ерекше айтып өткім келеді. Ғылым жолындағы қиындықтарға мойынсынбады.

Айгерім білімді дәрігер, жас ғалым – елдің үмітін ақтайды деп сендіремін.

Төрайым: сөз кезегі ізденушінің жетекшісі, профессор Бралов Каирла Бурхановичке беріледі.

ХҚТУ профессоры Бралов Каирла Бурханович: Аса құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы және оның мүшелері! Айгерімге студент кезінде сабақ бердім. Резидентурада менің қарамағымда өтті. Одан кейін ғылымға бейімділігінің арқасында тақырып алып, бүгін докторлық диссертациясын қорғап отыр.

А.А.Тутаеваның ғылыми жұмысы туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардағы неврологиялық және соматикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Докторант ғылыми зерттеу жұмысты Шымкент қаласындағы Облыстық клиникалық балалар ауруханасының неонатальді хирургия орталығында және жаңа туылған нәрестелердің патологиясы бөлімшесінде ем қабылдаған 104 даму ақауы бар шала туылған балаларға кешенді зерттеу жүргізіп, нәтижелеріне клиникалық талдау жүргізді.

Диссертацияның материалдары алыс және жақын шет елдердегі ғылыми тәжірибелік конференцияларда баяндалып, талқыланды.

Диссертант өзін білікті дәрігер ретінде және неврологиядағы ғылыми зерттеулерге ерекше қызығушылығы бар екендігін көрсетті. Жауапкершілігі мол және әріптестері мен аурулардың арасында беделі жоғары.

Тутаевой Айгерім Айтбайқызының «Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және соматикалық ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертацияда неврология саласында ерекше орын алатын туа пайда болатын даму ақаулары бар шала туылған балаларды емдеуде кездесетін маңызды мәселелер шешілген.

Диссертантқа автор ретінде патент алуға қосқан үлесі үшін рахметімді айтамын. Әрімен қарай еңбегін жемісті бола берсін. Айгерімге мен толық сенемін.

Төрайым: көп рахмет, Каирла Бурханович! құрметті әріптестер, шет елдік ғылыми жетекшісі, медицина ғылымдарының докторы Агзамов Мансур Камолович қатыспағандықтан пікірін ғылыми хатшы Умешева Кумискуль Абдуллаевна оқиды.

Ғылыми хатшы, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент Умешева Кумискуль Абдуллаевна: шет елдік ғылыми жетекші, медицина ғылымдарының докторы Агзамов Мансур Камоловичтің пікірі алынды. Қорытынды: диссертант зарекомендовал себя квалифицированным врачом, проявляющим особый интерес к научным исследованиям в неврологии и в смежных специальностях. Добросовестна и ответственна. Пользуется заслуженным уважением коллег и больных.

Диссертационная работа Тутаевой Айгерим Айтбаевны «Неврологические и соматические особенности у недоношенных детей с врожденными пороками развития», является завершенным научно-квалифицированным исследованием, в котором разработано решение проблемы комплексной диагностики и дифференцированного лечения недоношенных детей с врожденными пороками развития, которое имеет существенное значение для неврологии. Рахмет! (шет елдік ғылыми кеңесшінің пікірі тіркелді).

Төрайым: рахмет! Сонымен, пікірлер оң нәтижелі, рахмет. Ғылыми хатшыға сұрақтар бар ма? Сұрақтар жоқ. Пікірге қатысты қандай ұсыныстарыңыз бар? Күн тәртібі бойынша келесі кезекте диссертациялық жұмысты талқылаймыз. Ия, Салим Фахатович.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Беркинбаев Салим Фахатович: если говорить о диссертации? Как было изложено и как было доложена мне очень понравилась. И этот рефлекс является сутью этой диссертации. На это надо делать упор. Главная это научная мысль, научная исследования, правильные выводы, правильные цели в данном случае. Диссертация очень хорошая.

Төрайым: рахмет. Тағы кім қалайды? Ия, Сауле Шайкеновна.

Диссертациялық кеңестің мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Исенова Сауле Шайкеновна: Уважаемые коллеги! Действительно сегодня было выступление по очень актуальной теме. Рецензенты сказали, что тема актуальная. И актуальность темы не вызывает сомнения. Действительно диссертантка очень грамотная, хорошо ориентирован в своей работе. Она легко пользуется своим материалом. Основные положения изложены в 19 публикациях. Это тоже говорит о многом. А также диссертантом получена патент на изобретения Республики Казахстан. Статья в Скопусе, это уже лицензированный журнал. Тутаевой Айгерим проведена большая работа. Данную работу хочу рекомендовать на рассмотрение в ВАК.

Төрайым: спасибо, еще есть желающие выступить, высказаться. Мы предлагаем счетную комиссию в составе: Председатель Беркинбаев Салим Фахатович, и члены Исенова Сауле Шайкеновна, Жантелиева Ляззат Асановна. Проголосуем за состав счетной комиссии

«Қарсы» - Жоқ

«Қалыс» - Жоқ

Санақ комиссиясы бірауыздан бекітіледі.

Жасырын дауыс беруге үзіліс жарияланады.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН

Төрайым: жасырын дауыс берудің нәтижелерін жариялау үшін сөз есеп комиссиясының төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Беркинбаев Салим Фахатұлына беріледі.

Санақ комиссиясының төрағасы - медицина докторы, профессор Беркинбаев Салим Фахатович: Аса құрметті төрайым! Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің жанындағы 6D110100 – Медицина мамандығы бойынша 2018 жылдың 15 ақпан айындағы санақ комиссиясы мәжілісінің №1 хаттамасы. Комиссия құрамында төраға Беркинбаев Салим Фахатұлы, мүшелері Исенова Сауле Шайкеновна, Жантелиева Ляззат Асановна, комиссия

Тутаева Айгерим Айтбаевнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясына жасырын дауыс берудің нәтижесін санау үшін тағайындалды.

Диссертациялық Кеңестің құрамы 15 адам, отырыста 11 адам бар, кеңестің мүшелері қатысты, соның ішінде каралған диссертацияның бағыты бойынша ғылым докторлары бар, таратылған бюллетеньдер саны - 11, таратылмаған бюллетень - 4, жәшіктегі бюллетеньдер - 11.

Тутаева Айгерим Айтбаевнаның Философия докторы (PhD) дәреже берілуі сұрағы бойынша дауыс беру нәтижелері:

жақтап дауыс бергендер - 9,

қарсы - 0,

жарамсыз бюллетеньдер - 2.

Төрайым: Ашық дауыс беру арқылы есеп комиссиясының хаттамасын бекітуге ұсыныс бар ма? Кім бұл ұсынысты қолдайды, дауыс берулеріңізді сұраймын.

Кім қарсы? - жоқ.

Кім қалыс қалды? - Жок

Есеп комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітіледі.

Тутаева Айгерим Айтбаевна сізді, сәтті қорғауыңызбен құттықтаймыз! Біздің Диссертациялық Кеңес ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті алдында Сізге (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш береді. Үлкен рахмет!

**Диссертациялық кеңестің төрайымы,
медицина ғылымдарының докторы,
профессор**



Нұғманова Ж. С.

**Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы,
медицина ғылымдарының кандидаты, доцент**

Умешева К.А.

15 ақпан 2018 ж.